

**БҰЙРЫҚ**

2025 жыл «09» қазан  
Шымкент қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 280  
Город Шымкент

**«Психологиялық-педагогикалық қолдау  
бекіту туралы»**

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығын басшылыққа ала отырып, орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамы бекітіліп, педагогикалық-психологиялық қолдау қызметінің іс-шара жоспары түзілсін.
2. Мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын жандандыру мақсатында қызмет құрамына төмендегі қызметкерлер бекітілсін:

**ДТЖО**

**ДТЖО**

**ДОІЖО**

**Педагог-психолог**

**Педагог-психолог**

**Әлеуметтік-педагог**

**Педагог-ассистент**

**Педагог-дефектолог**

**Логопед**

**Мектеп медбикесі**

**Кәсіби бағдар беруші**

**Ғ.А.Нұсқабай**

**К.Б.Калиева**

**Г.Арынбаева**

**А. Мусакулова**

**Б. Қошқарбаева**

**Ш.Утегенова**

**Г.Изимкулова**

**Ж.Исмайл**

**З.Абдумоминова**

**Г.Жанпейсова**

**А.Утенова**

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы төмендегі тармақтар бойынша жүргізіліп, іске асырылсын:

Кәсіби әдепті сақтау;

Баланың жеке басына эмпатия және құрмет көрсету;

Білім алушы және тәрбиеленушінің жеке бас ерекшеліктері ескерілсін;

Психологиялық және педагогикалық білімді интеграциялау;

Баланың құқықтары мен мүдделерін сақтай отырып, ақпараттың құпиялылығын сақтау;

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің, педагогтердің денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне зиян келтіру мүмкіндігінің болмауы;

Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім процесінде сүйемелдеудің ғылыми кешенділігі, бірізділігі, кезеңділігі және үздіксіздігі ескеріле отырып жүзеге асырылсын.

4. Педагог-психолог өз қызметін диагностикалық, консультациялық, дамытушылық (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жүзеге асырсын.

5. Сынып жетекшілер мен мұғалімдер, әлеуметтік-педагог, педагог-ассистент, логопед, педагог-дефектолог, медицина қызметкерлері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау процесіне қатысып, лауазымдық міндеттеріне сәйкес ата-аналар және өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимыл жасасын.

6. Педагогикалық-психологиялық қолдау қызметін жандандыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізу мектептің педагог-психологтары А.Мусакулова, Б.Қошқарбаева жүктелсін.

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау, ұйымдастыру, үйлестіру жауапкершілігін оқу тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарлары Ғ.Нұсқабайға, К.Калиеваға, Г.Арынбаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Нурсейтов Е.К.